

Ал қазақ баласы осындай қиыншылықпен жеткен Тәуелсіздікті бағала. Ата-бабамыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған туған жер біз үшін аманат. Ал оны болашақ ұрпаққа жеткізу біз үшін міндет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1 К.М.Байпақов, М.Қ.Қозыбаев, Б.Е.Көмеков, К.А. Пищулина. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).Бес томдық.2 том.-Алматы: «Атамұра», 1998.-640, 386-392 б.

2 Н. Келімбетов.Ежелгі дәуір әдебиеті(Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғарғы оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық.- Алматы: Атамұра, 2005.-336, 299-300 б.

3 <https://egemen.kz/article/36291-qazaq-khandyghy>

### **ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ**

Ескендилов Д.К.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Жылқыбаев К.Д.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
[yeskendirolv.dias@mail.ru](mailto:yeskendirolv.dias@mail.ru)

VII ғасырдың алғашқы жартысында, яғни 632 жылы Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.у қаза болғаннан кейін орынына мұрагері Әбу Бәкір халиф болып сайланды. Әбу Бәкірден кейін ислам (араб) әлемінің екінші халифі Хазрет Омар 634 – 644 жылдары аралығында үстемдік етіп, Хазрет Омар халифтің өлімінен кейін Осман 644 – 656 жылдар аралығында Араб халифатын басқарды. Көрсетілген үш халиф тұсында ислам діні бүкіл араб түбегіне таралып, Араб ислам мемлекеті күшейіп алпауыт елге айналды еді. Ел болғандықтан қаржыны талап ететіні айдан анық. Осы тұрғыда, араб ақсүйектері өзімен көршілес жатқан елдердің байлығына көз тігіп, «Ислам дінін тарату» деген ұранды желеу етіп, жаулаушылық жорықтарына бет бұрған болатын [1,113б.].

X ғасырда Наршахидің, XIII ғасырда араб географы Якуттың деректеріне сүйенетін болсақ, арабтардың бұған дейін де, кейінгі мақсаты Мауреннахрды жаулап алу болған. Алайда бұл кездің өзінде Мауреннахр саяси бытыраңқылық жағдайды бастан кешіріп жатты. IV – V ғасырларда эфталиттерге бағынған, кейін Түрік қағанатының қол астында болған еді [2, 172б.]. 654 жылы Мауреннахр жеріне діни әрі әскери жорық бастау алды. Араб ақсүйектерінің Орта Азия жерін кең көлемде аймақтарды басып алу үшін өзіндік бір позициялары болған еді. Мысалы ретінде, Куфа, Барсы және Хоросан қала жұрттарына 50 мыңға жуық араб отбасыларын қоныстандырған. Осы тұрғыда, тарихшы Г. Гибтің тарихи жазба деректеріне қарайтын болсақ, Орта Азия жеріне қоныстандырған араб отбасылары екі түрлі қызмет атқарған. Оның біріншісі, жаулап алған жерлерде қауіпсіздікті күшейту, екінші міндет, одан әрі араб әскерлерімен біріге отырып жаулаушылық операцияларына қолдау көрсету болған деп айтылған.

Парсы тарихшысы Наршахидің тарихи жазбалары бойынша, араб әскері Оксузды (Әмударияны) бірнеше рет жүзіп өтіп, Мауреннахр жеріне шабуылдар жасаған. Осы тұста, Бұхара әміршісі араб халифатына қымбат бағалы сыйлықтар беріп, жыл сайын кең көлемде алым – салық төлеп отырған. VII ғасырдың аяғына таман араб жаулаушылары түркі және бұхаралықтардың одақтасқан әскерінен жеңіліске ұшырап, Мауреннахр жерінен кетуден басқа амалы қалмады. Ендігі кезекте Мауреннахр жерін қайта жаулап алу жоспары VIII ғасырдың бас кезінде Хоросан басшысы Кутейбаның тұсында қайта қолға алына бастады. Араб қолбасшысы Кутейба түркі елдері ішіндегі саяси бытыраңқылықты пайдалана отырып, Орта Азия жерін бір жолата басып алуды мақсат етті. Осы мақсат жолында 705 жылы Балх,

Чағаннан, Шума аймақтарын жаулап алды. Араға бір жыл салып, 706 жылы Мауреннахрға бірнеше мыңдаған қалың әскермен аттанды. Оксуз өзенің кесіп өтіп ерте ортағасырдағы гүлденген Мауреннахр қалаларының бірі Пайкент қаласына шабуыл жасайды. Пайкент қаласын алу, араб әскері үшін оңайға соқпады. Кутейба қаладан 30 шақырым шыққан мезетте қала тұрғындары қолбасшы қалдырған әскеріне қирата соққы берді. Бұл хабарды естіген Кутейба қалаға қайта оралып Пайкент қаласының халқын түгелдей дерлік қырып салып, қаланы жермен – жексен етеді [2,172б.].

Деректерге сүйенсек араб қолбасшысы Кутейба 708-710 жылдар аралығында Мауреннахр жеріне бірнеше рет жорық жасаған болатын. Басшы өз мақсатының орындалуы үшін әскеріне: «Кім де – кім бір жаудың басын алып келетін болса жүз дирхем алады», - деп жария еткен болатын. Сол себепті де Кутейба ордасының жанында Мауреннахр сарбаздарының бастарынан үлкен бір төбе тұрғызылды. Бұл жағдай, түркі халқын қорқытпады, керісінше, 709 жылы Бұхара қаласын арабтар қоршаған кезінде Соғдылар мен Түргештер бірігіп арабтарға соққы беруіне негіз болды. Алайда, Кутейбаның айлакерлігінің арқасында одақ бұзылды. Оған себеп, Кутейба Соғды патшасы Тархунға құпия түрде елші жіберіп, «Түріктер қауіпті, олар сендердің байлықтарыңа қызығып отыр» - деп қорқытып, екі ел арасындағы одақты бұзуды мақсат етті. Нәтижесінде екі жақта жасалған келісім бұзылып, араб әскеріне Бұхараны жеңіл жаулап алуына жәрдемін тигізді. Кутейба 712 жылы Самарқанд қаласына аттанып өзімен бірге Хорезм шахты және Бухархудат әскерлерін алып жүреді. Осы кезде, Соғдылықтар Шаш билеушісінен, Түргеш қағанынан, Ферғана басшысынан жәрдем сұрап, одақтастардың біріккен әскерін Түргеш қағанының кіші баласы Инал қаған басқарады. Біріккен түркі әскерлерін торуылдап тұрған араб тыңшылары Инал қағанға тосыннан соққы беріп, жеңіліске ұшыратады, нәтижесінде Соғды патшасы Гурак өз еліне тиімсіз, ауыр келісімге қол қоюға мәжбүр болды. Ендігі кезекте араб жаулап алушылары Орта Азияға өз билігін орнатқаннан кейін, көршілес қазіргі қазақ жеріне кіруді мақсат етеді [2,173б.].

714 жылы Кутейба Шаш қаласын басып алғаннан кейін солтүстік – шығыс жерінде орналасқан Испиджаб қаласын басып алады. Хорасан билеушісі Насре Ибн Сеияр тұсында, 738 – 739 жылдар аралығында Шаш, Ферғана және Фараб қалаларында халық көтерілістері үздіксіз орын алып отырды. 751 жылы араб әскері қарлұқтармен бірлесе отырып жеңген Талас өзенінің аңғарына дейін жетті [3,7б.].

Өз кезегінде орыс ғалымы В.В.Бартольд, арабтардың жаулап алушылық жорықтарына тоқтала отырып, арабтардың халифат шекарасын кеңейту мақсатындағы жорықтары және түркі қағанаттарымен бірлескен Қытай патшалығына қарсы арабтардың жорығы деп екі бөліп қарастырды. Ол, араб әскерлері Оксуздан әрі қарай қадам баспады және «Түркі елінің шекарасындағы ислам үшін соғыста, қорғанысқа өтті» деп жазды [4,58б.]. Сонымен қоса, Орта Азия мен түркілердің отырықшы оазистеріндегі қалаларын және көшпелі аймақтарды мекендеген халықтарының арасындағы исламдану айырмашылығы жайында өзіндік тұжырымын жасады. Ислам дінінің таралуы жорықтарды, яки сұрапыл соғыстарды талап етпей бейбіт түрдеде орын алған кездері болды. Ол сонымен қоса көшпелі түркілер отырықшы халықтарға қарағанда ислам дінін берік ұстанып діннің таралуына себепкер де болды [5,329б.].

XIII ғасырда өмір сүрген тарихшы Ибн ал – Ибри түркілер жайында: «Түркілерге келетін болса, халық саны көп ел. Олардың басты артықшылығы әскери өнер мен соғыс құралдарын жасауда. Олар атқа мінуде бәрінен де шебер, ат үстінде жүруде және садақ атудан сайып мергендер». Ауыздан – ауызға айтылып келе жатқан Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.у өсиетінде: «түркілер сендерге тиіспейінше, сендер оларға тиіспендер» және «түркілер менің халқымның жерін иеленетін алғашқылардың бірі болады» [3,8б.].

Ислам діні мен Ислам мәдениетінің таралу үрдісінде Бағдат, Сырдария және Жетісу аймақтарына, батыс пен шығысты байланыстырып отырған Ұлы Жібек Жолы маңызды рөл

атқарады. Көптеген сауда – саттық сапарлары, ғылым – ілім жолында ғалымдардың саяхаттары көбейіп жан – жақты рухани дамуға негіз болды. Сонымен қоса, Ұлы Жібек Жолы арқасында қол өнердің, ғылымның және музыкалық өнердің дамуына өз ықпалын тигізді [6,132б.].

Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі Отырар және Түркістан оазисіндегі қалашықтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында, арабтардың жаулаушылық жорықтары VIII ғасырдан бастау алғанына дәлел болатын археологиялық материалдар табылды.

М.И.Филанович-тің пікірінше: қалалардың қирауы мен босап қалуы арабтардың Шашқа жорықтары себеп болып отыр дейді. Сонымен қатар Шаш қаласы арабтарға бағынбай жергілікті басшыларына бағынды. Ислам дінінің таралуы бұл аймақта баяу жүріп, Шаш кентінің тұрғындары бұрынғысынша Зороастризм дінін ұстанды, бұл тұжырымның шығуына себеп болған үйдің ішінен салынған ғибадатханаларының табылуы болып отыр [7,87-88бб.].

Түркістан оазисіндегі Сидак қаласының цитаделіндегі сарай ғибадатханаларынан өрт іздері анықталып отыр [8,105б.]. Е.Смағұловтың пікірінше, өрт іздері VIII ғасырдың I – ші жартысы мен VIII ғасырдың орта кезеңіне жатады және де Фараб жеріндегі қақтығыстар жайында Е.Смағұлов Отырар оазисіндегі Құйрықтөбеде жүргізілген археологиялық қазба барысында анықталған өрт іздерін байланыстырып отыр. Е.Смағұлов бұнымен қоса, Отырар оазисіндегі Мардан – Күйік қаласындағы өрт іздерін араб жаулаушылық жорықтарымен тығыз байланыстырып отыр [3,8-9бб.].

М. Қожа Оңтүстік Қазақстан аймағында ислам дінінің таралуының бастапқы кезеңдерін анықтау үшін «Насыб-Наме» атты қазақ қожаларының бірі жазған жазбаша деректі пайдалана отырып, археолог-ғалым Қазақстанның Оңтүстік өңіріне араб әскерлерінің жорықтары VIII ғасырдың орта шенінде болды деп көрсетті. Осы ретте, Отырар оазисіндегі орналасқан Құйрықтөбе және Мардан-Күйік қалашықтарынан табылған өрт іздерін және Байыркүм қаласының солтүстік бөлігі, Шаушықүм және Ақтөбе қалаларының өмір сүруінің тоқтауына негіз болып отыр деп көрсетеді [9,93б.].

Баба-Ата қалашығына арабтардың жорығы М.Қожа пікірінше VIII ғасырдың II жартысы деп көрсетеді. Испиджаб (Сайрам) аумағында орналасқан 13 қаланың 9-ы босап қалған. Арабтар Арал маңына жетіп, Барышкент және Жент қалаларын қолды етті. Ғалымның пікірінше Қазақстанның Оңтүстік аймағында исламизация VIII ғасырда бастау алып, онымен қоса ірі қала құрылыстары мен бекіністердің, су арналарының қирауына алып келді [3,9б.]. 859 жылы Саманид басшысы Нух Асад Шавғар қаласына жорық жасады. Соғыс кезінде бірнеше мыңдаған адамынан айырылған Нух Асад Фараб пен Отырар оазисін айналып өте алмайды [3,9б.].

В.В.Бартольд ат-Табари жазба дерегіне сілтеме бере отырып, Наср ибн Сайяр (738-748 жж.) Хорасан қаласын басқарып тұрған тұсында өз кезінде Кутебаның серіктесі болып, Сырдария аймағына араб билігін қалпына келтірді [5,250б.]. Археолог М.Қожаның айтуына қарағанда, VIII ғасырда Сауран қаласы «сенім үшін күрес орталығы» деген пікірі аздап күмән тудырады. Сондай – ақ осы көрсетілген кезеңде арабтарға Барышкент және Жент қалаларының бағынышты болмауы тарихшы ретінде аздап күмән тудырады [3,10б.].

О.Г. Большаковтың пікірі бойынша Орта Азия тарихын кезеңдейтін үлкен шекара пайда болды. Оның айтуынша: «Арабтардың келуі, тек жаңа дін мен тіл алып келіп қана қоймай, кіші тайпалық бірлестіктерді біртұтас мемлекеттік жүйе құруға, мәдени – экономикалық байланыстардың құрылуына, рухани және материалдық мәдениеттерінің бүкіл формасының өзгеруіне алып келді [6, 132б.].

Б.Г.Гафуров «ислам мәдениеті – көптеген халықтардың, соның ішіндегі Орта Азия халықтарының шығармаларының синтезі нәтижесінде пайда болған жетістік. Сонымен, тарихи тұрғыдан алып қарағанда Орта Азия аймағының халифат құрамына қосылуы немесе

ислам дінін қабылдауы Орта Азия, Таяу Шығыс елдері және басқада халықтармен байланыстарының ауқымды түрде дамуына алып келді.» деп жазады [10,322б.].

Ислам дінінің Орта Азияда және Қазақстанның Оңтүстік өңірінде белең жайылуының өзіндік себебі бар еді. Ол, 751 жылы Зияд Салих қытай қолбасшысы Гао Сянь-Чжиді Тараз маңындағы Атлах соғысында жеңуі өз ықпалын көптеп тигізді [5,253б.].

Тарихи деректердің көпшілігі Қазақстанның Оңтүстік өңірінде ислам дінінің таралу процесі VIII – IX ғасырлар аралығында болғандығына дәлел бола алады. Саманидтік Нух ибн Асад 840 жылы Испиджаб (Сайрам) қаласын басып алады [9,91б.]. 859 жылы оның ағасы Ахмед ибн Асад Шавғар қаласына өз жорықтарын жүргізді [5,268б.].

766 жылы Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісу өңірін басып алып, жаңа құрылған Қарлұқ қағанаты үшін ислам мәдениеті өзіндік бір ықпалын тигізді. Қарлұқтар ислам дінін Халифа Махди кезінде қабылдады деген пікір бар. Алайда, 893 жылы Исмайл ибн Ахмед Тараз қаласын басып алып, осы қаланың басты шіркеуін мешітке айналдырды. Көрсетілген мерзімдер екі түрлі, соған қарағанда қарлұқтардың жарты бөлігі ғана ислам дінін қабылдаған [11,39б.].

Ибн аль-Асир өз жазбаларында, көшпелі түріктердің ислам дінін ауқымды түрде қабылдауы, 960 жылы бастау алды деп жазады. Яғни, 200 мыңға жуық көшпелі түркі халқы ислам дінін қабылдайды. Алайда нақты қандай тайпалар қабылдағаны жайында ақпарат жоқ. В.В.Бартольд көрсетілген ақпаратты талдай келе, бұл үрдіс Қарахан қағанатында болды деп тұжырымдайды. X ғасырдың басында Қарахан қағаны Сатұқ – Боғра қаған ислам дінін қабылдайды. Кейін оны ұлы Мұса қаған 960 жылы ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялайды [5,315-316б.].

Осылайша ислам діні қалалардатаралабаастады. Жазба деректерде қалаларда ислам дінінің таралу процесі жүргендігі жайында хабарлар қалған. Ибн Хордадбек Фараб және Кедр қалаларында мұсылман топтарының болғандығы туралы хабар береді [12,44б.]. Ибн Хаукаль болса, Сырдарияның солтүстік бөлігінде орналасқан Сүткент қаласы жайында жазады: «бұл қалада мешіт бар, мешітке түріктердің ислам дінін қабылдаған тайпалары гуздар мен қарлұқтар жиналады» деп өз жазбаларында баяндайды [12,184б.]. Аль-Макдиси, Испиджаб қаласының маңындағы қалалар жайында көптеген деректер қалдырған. Оның ішінде мешіт құрылыстарының болғандығы айтылады [3,11б.].

Ибн-Хаукаль ақырындап ислам дінінің көшпелі түркілер арасында тарағандығын айтады. Мұсылман түркілері Фараб, Кенжидой және Шаш қалалары арасында көшіп жүргені жайында хабар береді [5,235б.].

В.В.Бартольд XIII ғасырда, яғни моңғолдардың шабуылынан кейін Түркістан (Яссы) аймағында ислам дінінің таралу және түріктену үрдісі жүріп жатты деп тұжырымдады. Ғалымның пікірінше, Орта Азияда ислам діні XIV ғасырда, яғни Алтын Орда мемлекетінің тұсында нақты орнады. Жалпылама айтқанда, Моңғол империясының Орта Азия елдерін жаулап алып, бір ортаға бағындыруы ислам дінінің сіңуіне басты себепкер болды деп айтуға болады. XIV ғасырда ислам діні бүкіл империяның басты дініне айналды. Ресейдің оңтүстігінен Монғолия мен Қытай шекараларына дейінгі мемлекеттер де мемлекеттік дін ретінде ислам дінін қабылдады [13,213б.].

Ислам дінінің жеңісі жайында тарихта көптеген аңыз – әңгімелер сақталып қалған. Сондай әңгімелердің бірі, Өзбек ханның Ислам дінін қабылдауы жайында айтылады. Өзбек ханның ислам дінін қабылдауы жайында әңгімесінде: Өзбек ханның жанында мұсылманның болуы оған жақын пұтқа табынушы сиқыршылардың алпауыт күшін сәтсіздікке ұшыратқаны айтылған. Мұсылманның керемет қабілетін анықтау үшін пұтқа табынушы сиқыршының бірі және қасиетті Баба – Тұқыласқа (Баба – Түкті – Шашты – Азиз) екеуіне ыстық пешке кіру ұсынылады. Жалған сиқыршыны жалын мезетте жұтып қояды, ал Баба – Тұқлас пештің ішінен дін аман шығады. Болған жәйтті көрген хан мен жанындағы адамдар шейхке бас иіп, барлығы ислам дінін қабылдаған, деген деректер бар. Қазақстан аймағында ислам дінінің

таралуы тікелей сопылықпен байланысты. Сопылықтың кейбір тұстары жергілікті халықтың исламға дейінгі наным сенімдеріне жақын болуы, сопылық халық арасында танымал болды. Мұсылман сопылығының түркі дәстүрінде негізін қалаушы саналатын Қожа Ахмет Ясауи (XII ғ.) есімімен байланысты накшбандия қауымы тармақтарының бірі - йасавийа (Сұлтания) тобы кеңінен танылды. Кубравияның ауқымы Каспий аңғарына дейін жетті. Ең әсерлілерінің бірі қуатты ходжаган-накшбандия тобы болды. Оның өкілі қазақтар, қырғыздар мен қалмақтар (жоңғар) арасында миссионерлік қызметпен танымал болған Қожа Исхак Уәли (XVI ғ.) болды [3,12б.].

Кейінгі уақытта көптеген елдердің мемлекеттік құрылымдары исламдық болды. Оның ішіне Ресейдің оңтүстігіндегі Қырым, Қазан және Астрахан хандықтары, Орта Азиядағы қазақ, өзбек және басқа да хандықтар кірді. Еділ мен Жайықта ислам діні берік орнықты, кейіннен ол қазіргі қырғыз (немесе қазақ) далаларында тек оңтүстікте ғана емес, солтүстікке де таралды. В.В. Бартольдтың барлық шығармалары ерте исламның Орталық Азия тарихындағы, сондай-ақ шығыстың басқа өңірлеріндегі дін мен өркениет тарихы жайында тарихшылар үшін құнды ақпарат береді [13,213б.].

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1 Хизметли С. Ислам тарихы. Алғашқыкезең: Оқулық / Ауд. М.З. Якши. – Алматы, 2014. – 588бет.

2 Жолдасбайұлы С., Ежелгіжәне орта ғасырдағыҚазақелініңтарихы. Жоғарыоқуорындарыныңстуденттерінеарналғаноқулық. /Алматы, «Кітап» баспасы, 2010. 336-б.

3 Байпаков К.М. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. Алматы-Самарканд, 2012. – 284 с., 108 илл.

4Нуртазина Н.Д. Вклад В.В. Бартольда в историю исламизации тюрков // Проблемы востоковедения. Уфа, 2010. №1. С.58-64.

5Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинения. Москва, 1963. Т.І. С.760.

6Большаков О.Г. Город в конце VIII – начале XIII в. // Белницкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. Ленинград, 1973. С. 389.

7Филанович М.И. Ташкент. Зарождение и развитие города и городской культуры. Ташкент, 1983. 230С.

8 Смагулов Е.А. Арабское нашествие в Южном Казахстане. // Мобилизованный археолог. Алматы, 2004. 103-113 сс.Байпаков К.М. Арабские завоевания, ислам и исламизация Южного Казахстана и Жетысу // ҚазақстанРеспубликасыҰлттықғылымакадемиясыныңхабарлары. – Серия общественных наук. - №1(274)6 – 2010. –91-100 сс.

9Байпаков К.М. Арабские завоевания, ислам и исламизация Южного Казахстана и Жетысу//ҚазақстанРеспубликасыҰлттықғылымакадемиясыныңхабарлары. – Серия общественных наук. - №1(274)6 – 2010. –91-100 ссГафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. Москва. Наука, 1972. С.664.

10Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. Москва. Наука, 1972. С.664.

11Бартольд В.В. Очерк истории Смиречья // Сочинения. Москва, 1963. Т.ІІ. Ч.1. С.1020.

12Материалы по истории туркмен и Туркмении / Арабские и персидские источники VII-XV вв. Под ред. С.Л.Волина, А.А.Ромаскевича и А.Ю.Якубовского. Москва-Ленинград, 1939. Т.І. С.612.

13Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов // Сочинения. Москва, 1968. Т.5. С.757.